

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№61

2021 жылғы 11 тамыз

**Облыстық мәслихаттың 2021 жылғы
17 мамырдағы №47 «Ақтөбе облыстық
мәслихатының Регламенті туралы»
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 9-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы №704 «Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы» Жарлығына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Ақтөбе облыстық мәслихатының Регламенті туралы» облыстық мәслихаттың 2021 жылғы 17 мамырдағы №47 шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

Ақтөбе облыстық мәслихатының Регламентінде:

4-тармақтың 4 және 5-абзацтары келесідей редакцияда мазмұндалсын:

«Мәслихаттың әрбір отырысының алдында қатысып отырған депутаттарды тіркеу жүргізіледі, оның нәтижелерін мәслихат хатшысы отырыс басталар алдында жария етеді.

Мәслихат сессиясы, әдетте, ашық сипатта болады. Мәслихат хатшысының немесе мәслихат сессиясына қатысып отырған депутаттар санының үштен бірінің ұсынысы бойынша қабылданатын мәслихат шешімі бойынша, егер қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілігі осы үшін дауыс берсе, жабық сессиялар өткізуге жол беріледі.»;

6-8 тармақтары келесідей редакцияда мазмұндалсын:

«6. Мәслихаттың бірінші сессиясын Ақтөбе облыстық сайлау комиссиясының төрағасы ашады және оны мәслихат хатшысы сайланғанға дейін жүргізеді. Одан әрі сессияны мәслихат хатшысы жүргізеді.

7. Мәслихаттың кезекті сессиясы жылына кемінде төрт рет шақырылады және оны мәслихат хатшысы жүргізеді.

8. Мәслихаттың кезектен тыс сессиясын осы мәслихатқа сайланған депутаттар санының кемінде үштен бірінің, сондай-ақ әкімнің ұсынысы бойынша мәслихат хатшысы шақырады және жүргізеді.

Кезектен тыс сессия оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей шақырылады. Кезектен тыс сессияда оны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін.»;

11-17, 19-21 және 28 тармақтары келесідей редакцияда мазмұндалсын:

10. Регламентте белгіленген тәртіппен мәслихат сессияларын, мәслихаттың тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының отырыстарын өткізу кезеңінде депутат қызметтік міндеттерін орындаудан босатылады, оған жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен негізгі жұмыс

орны бойынша орташа жалақысы, бірақ көрсетілген қызметте бір жылға дейінгі жұмыс өтілі бар облыс әкімінің аппарат басшысының жалақысынан аспайтын мөлшерде және жол жүру уақыты ескеріліп, мәслихаттың сессиялары, тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының отырыстары өтетін мерзімдегі іссапар шығыстары өтеледі.

«11. Сессияның күн тәртібін мәслихат жұмысының перспективалы жоспарының, мәслихат хатшысы, мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдары, депутаттар топтары мен депутаттар, тиісті аумақтың әкімі ұсынған мәселелердің негізінде мәслихат хатшысы қалыптастырады.

Сессияның күн тәртібіне ұсыныстарды мәслихат хатшысына жергілікті қоғамдастықтың жиналыстары, қоғамдық ұйымдар ұсынуы мүмкін.

Сессияның күн тәртібін талқылау барысында ол толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін. Сессияның күн тәртібін бекіту туралы мәслихат шешім қабылдайды.

Күн тәртібі бойынша дауыс беру әрбір мәселе бойынша жеке өткізіледі. Егер мәселеге мәслихат депутаттарының көпшілігі дауыс берсе, ол күн тәртібіне енгізілді деп есептеледі.

12. Сессияға енгізілетін мәселелерді сапалы дайындау үшін сессияны дайындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу уақтылы ұйымдастырылады, оны мәслихат хатшысы бекітеді.

13. Мәслихаттың қарауына жататын мәселелер бойынша сессияға қала және аудандар мәслихаттарының хатшылары, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, тиісті аумақтың облыс, қала және аудан әкімдері, жұмысы туралы ақпарат сессияда қаралатын ұйымдардың басшылары мен өзге де лауазымды адамдары шақырылады. Сессияларға мәслихат хатшысының шақыруы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатысуына жол беріледі.

14. Мәслихаттың отырысына шақырылған адамдар үшін мәжіліс залында арнайы орындар бөлінеді. Шақырылған адамдардың мәслихат сессиясының жұмысына араласуына, мәслихат сессиясының шешімдерін қолдайтынын немесе қолдамайтынын білдіруіне жол берілмейді.

Шақырылған адам тәртіпті өрескел бұзған жағдайда, мәслихат хатшысының шешімі немесе сессияға қатысып отырған депутаттардың көпшілігінің талабы бойынша мәжіліс залынан шығарылуы мүмкін.

15. Заседания маслихата проводятся в определенное маслихатом время.

Мәслихат хатшысы өз бастамасы бойынша немесе депутаттардың дәлелді ұсынысы бойынша үзілістер жариялай алады. Жалпы отырыстың соңында депутаттарға қысқа мәлімдемелер немесе хабарламалар жасау үшін уақыт беріледі, олар бойынша жарыссөз ашылмайды.

16. Мәслихат отырыстарында баяндамалар, қосымша баяндамалар, жарыссөзде сөйлеу үшін және отырыстарды өткізу тәртібі бойынша, кандидатураларды талқылау, дауыс беру, анықтамалар мен сұрақтар үшін сөз сөйлеу Регламентін мәслихат айқындайды. Баяндамашылар мен қосымша баяндамашыларға сұрақтарға жауап беру үшін уақыт бөлінеді. Егер сөз сөйлеуші бөлінген уақыттан асып кетсе, мәслихат хатшысы оның сөзін

тоқтатады немесе отырысқа қатысып отырған депутаттардың көпшілігінің келісімімен сөз сөйлеу уақытын ұзартады.

Мәслихат депутаты бір мәселе бойынша екі реттен артық сөйлей алмайды. Жарыссөздердегі депутаттық сауалдар, түсіндірме және сұрақтарға жауап беру үшін сөйлеу сөз сөйлеу деп есептелмейді. Сөйлеу құқығын басқа депутатқа беруге жол берілмейді.

Жарыссөз сессияға қатысып отырған депутаттардың көпшілігінің ашық дауыс беруімен тоқтатылады. Жарыссөзді тоқтату туралы мәселе қойылған кезде мәслихат хатшысы сөз сөйлеуге жазылған және сөйлеген депутаттардың саны туралы хабарлайды, кімнің сөз алуды талап ететінін анықтайды.

17. Отырысты өткізу тәртібі бойынша сөз депутатқа сөз сөйлеп тұрған адамның сөзі аяқталған соң кезектен тыс беріледі. Мәслихат хатшысы анықтама, депутаттық сауал, сұраққа жауап және талқыланып отырған мәселе бойынша түсіндірме беру үшін кезектен тыс сөз бере алады.

Баяндамашыларға сұрақтар жазбаша немесе ауызша түрде беріледі. Жазбаша сұрақтар мәслихат хатшысына беріледі және мәслихат отырысында жария етіледі.

19. Шешімдердің жобалары мәслихат хатшысына беріледі.

Мәслихаттың хатшысы қарауға қабылданған шешімдердің жобаларын барлық қажетті материалдарымен бірге тұрақты комиссияларға қарау және ұсыныстар дайындау үшін жібереді. Бір мезгілде тұрақты комиссиялардың біріне мәслихат актісінің жобасы бойынша қорытынды, сессияға қосымша баяндама дайындау, қосымша ақпарат жинау мен талдау жүргізу жүктелуі мүмкін.

Шешімдердің жобаларымен жұмыс істеу және басқа да мәселелерді дайындау үшін тұрақты комиссиялар жұмыс топтарын құра алады. Қажет болған кезде жұмыс тобының құрамына басқа тұрақты комиссиялардың депутаттары тартылуы мүмкін. Жұмыс тобының жұмысына кез келген депутат қатыса алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тиісті атқарушы органның ұсынуы бойынша мәслихат онымен бірлескен шешім қабылдайды.

20. Мәслихаттың нормативтік құқықтық шешімдері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жариялануға тиіс.

21. Шешімдердің баламалы жобаларын мәслихат және оның органдары негізгі жобамен бір мезгілде қарайды. Сессияға мәселе дайындауға қатысатын тұрақты комиссиялар арасында келіспеушіліктер болған кезде комиссиялардың төрағалары және мәслихат хатшысы оларды жою бойынша шаралар қабылдайды, қалған келіспеушіліктер мәслихаттың назарына жеткізіледі.

28. Облыстық бюджеттің жобасы мәслихаттың тұрақты комиссияларында қаралады. Мәслихат хатшысы бюджеттің жобасын қарау жөніндегі уақытша депутаттық жұмыс тобын құрады, оның құрамына

мәслихат аппаратының қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қосылуы мүмкін.

Тұрақты комиссиялар уақытша жұмыс тобының пікірін ескере отырып, тиісті негіздемелермен және есептермен тиісті аумақ бюджетінің жобасы бойынша ұсыныстар әзірлейді және ұсыныстарды жинау мен тиісті аумақ бюджетінің жобасы бойынша қорытынды әзірлеуді жүзеге асыратын бейінді тұрақты комиссияға жібереді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган сессия басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей барлық қажетті материалдарды қоса бере отырып, бюджет туралы шешім жобасының түпкілікті нұсқасын мәслихат хатшысына ұсынады.

Облыстық бюджет Қазақстан Республикасының Президенті республикалық бюджет туралы Заңға қол қойғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірмей мәслихат сессиясында бекітіледі.»;

31 тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:

«31. Мәслихат тиісті аумақ әкімінің есептерін тыңдау жолымен тиісті жергілікті бюджеттің, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады.».

33 тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:

«33. Мәслихат мәслихат хатшысының, тұрақты комиссия төрағаларының және мәслихаттың өзге де органдарының есебін тыңдайды.

Мәслихат хатшысы жылына кемінде бір рет мәслихаттың кезекті сессияларында мәслихаттың қызметін ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыстар, депутаттардың сауалдары мен депутаттық өтініштердің қаралу барысы, сайлаушылардың өтініштері және олар бойынша қабылданған шаралар, мәслихаттың жергілікті өзін-өзі басқарудың өзге де органдарымен өзара іс-қимыл жасауы және мәслихат аппаратының қызметі туралы есеп береді.

Мәслихаттың тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының төрағалары жылына кемінде бір рет мәслихаттың кезекті сессияларында жүктелген функциялар мен өкілеттіктердің орындалуы туралы есеп береді.»;

40 тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:

«40. Депутаттық сауалға жауап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша нысанда берілуге тиіс. Депутаттық сауалдың жауабына Заңның 21-1-бабының бірінші бөлігінде аталған адамдар немесе атына сауал жіберілген мемлекеттік органның бірінші басшылары не олардың орынбасарлары қол қоюға тиіс.

Депутат сауалға берілген жауап бойынша өз пікірін білдіруге құқылы.

Депутаттық сауал мен жауап, егер бұл мәслихат шешімімен белгіленсе, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін.

5.1. Тарау «Мәслихат сессиясының төрағасы» және 41-43 - тармақтары алынып тасталсын;

келесідей мазмұндағы 46-1 және 46-2-тармақтармен толықтырылсын:

46-1. Мәслихат хатшысы:

1) мәслихат сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды;

2) мәслихат сессиясының дайындығына басшылықты жүзеге асырады, сессияның күн тәртібін қалыптастырады;

3) мәслихат сессиясының отырыстарын жүргізеді, мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

4) мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген мәслихат шешімдеріне, хаттамаларға, өзге де құжаттарға қол қояды;

5) мәслихат депутаты мәслихат сессиясының жалпы отырыстарында немесе мәслихат органдарының отырыстарында дәлелсіз себептермен қатарынан екі және одан да көп рет болмаған жағдайда саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) басшылық органына хабарлама хатын жібереді.

46-2. Егер мәслихат сессиясында дауыс беру кезінде мәслихат депутаттарының дауысы тең бөлінген жағдайда, мәслихат хатшысы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

«Мәслихаттың тұрақты комиссия төрағасы» 5.2-1 Тарауымен және 46-3, 46-4, 46-5, 46-6 және 46-7-тармақтар келесідей мазмұнда толықтырылсын:

46-3. . Мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасын мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан ашық дауыс беру арқылы депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен сайлайды және қызметтен босатады.

Егер мәслихаттың тұрақты комиссиясының отырысында дауыс беру кезінде депутаттардың дауысы тең бөлінген жағдайда, мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы қызметіне кандидатураларды мәслихаттың депутаттары мәслихаттың сессиясында ұсынады.

46-4. Мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы:

1) тұрақты комиссияның отырысын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауды ұйымдастырады, хаттама жасалуын қамтамасыз етеді және тұрақты комиссияның отырысында қабылданған қаулыларға, өзге де құжаттарға қол қояды;

2) мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды тұрақты комиссия қызметінің мәселелері бойынша қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді;

3) тұрақты комиссия депутаттарының сауалдарының және тұрақты комиссияның атына келіп түскен депутаттық өтініштердің қаралуын бақылайды;

4) мәслихаттың тұрақты комиссиясының қаулыларын мәслихаттың интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етеді, олардың орындалуын бақылау жөніндегі шараларды айқындайды;

5) Заңда, Қазақстан Республикасының заңнамасында, мәслихат регламенті мен шешімінде көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

46-5. Мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы болмаған жағдайда, егер «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы

Заңының 19-1-бабының 5-тармағында өзгеше көзделмесе, мәслихат хатшысының шешімі бойынша оның өкілеттігін мәслихаттың басқа тұрақты комиссиясының төрағасы немесе мәслихаттың осы тұрақты комиссиясының мүшесі болып табылатын депутат уақытша жүзеге асырады.

46-б. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды адам бола алады.

Тұрақты негізде жұмыс істейтін тұрақты комиссиялар төрағаларының санын мәслихат айқындайды және ол екіден аспауға тиіс.

Тұрақты негізде жұмыс істейтін облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы мәслихаттың өкілеттік мерзіміне сайланады және қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.

Бір саяси партияның мүшелері болып табылатын депутаттар облыс мәслихатының тұрақты негізде жұмыс істейтін тұрақты комиссияларының төрағалары бола алмайды.

46-7. Тұрақты негізде жұмыс істейтін облыс мәслихатының тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы болмаған жағдайда, оның өкілеттігін тұрақты негізде жұмыс істейтін облыс мәслихатының тұрақты комиссиясының басқа төрағасы немесе мәслихат хатшысының шешімі бойынша мәслихаттың осы тұрақты комиссиясының мүшесі болып табылатын депутат уақытша жүзеге асырады.

47 тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:

47. Мәслихат өз өкілеттігінің мерзіміне бірінші сессияда депутаттар қатарынан мәслихаттың қарауына жататын мәселелерді алдын ала қарау және дайындау, оның шешімдерін жүзеге асыруға ықпал ету, өз құзыреті шегінде бақылау функцияларын жүзеге асыру үшін тұрақты комиссиялар құрады. Тұрақты комиссиялардың төрағалары мен мүшелерін депутаттар арасынан ашық дауыс беру арқылы мәслихат сайлайды.

Әрбір тұрақты комиссияның тізбесі, саны және құрамы жеке-жеке дауысқа салынады. Олардың сандық және дербес құрамын мәслихат хатшысының ұсынысы бойынша мәслихат айқындайды.

Тұрақты комиссиялардың саны жетіден аспауға тиіс.

Тұрақты комиссиялар жұмыс топтарын құра алады.

57 және 58 тармақтары келесідей редакцияда мазмұндалсын:

57. Депутаттық бірлестіктердің мүшелері фракция, депутаттық топтың атынан:

1) мәслихаттың күн тәртібі, талқыланатын мәселелерді қараудың тәртібі және олардың мәні жөнінде ескертпелер мен ұсыныстар енгізуге;

2) мәслихат сайлайтын немесе тағайындайтын не олардың тағайындалуына мәслихат келісім беретін лауазымды адамдардың кандидатуралары жөнінде өз пікірлерін айтуға;

3) мәслихат шешімдерінің жобаларына түзетулер ұсыну;

4) депутаттық бірлестіктің қызметі үшін қажетті материалдар мен құжаттарды сұратуға.

5) мәслихат депутаттарын азаматтардың өтініштерімен, фракцияның, депутаттық топтың қабылдаған шешімдерімен таныстыру.

58. Саяси партияның фракциясы өз қызметінде саяси партияның басшы органдарымен өзара іс-қимыл жасайды, сондай-ақ саяси партияның қоғамдық қабылдау бөлмесінің жұмысына қатысады. Фракция мәслихаттың кемінде үш депутатын біріктіруге тиіс. Депутаттық топтың құрамында мәслихаттың кемінде үш депутаты болуға тиіс.»;

келесідей мазмұндағы 58-1, 58-2 және 58-3 тармақтармен толықтырылсын:

«58-1. Депутаттық фракция өз отырыстарын жұмыс жоспарына сәйкес өткізеді, ол мәслихат хатшысымен келісіледі.

58-2. Мәслихат Регламентінің депутаттық фракциясының бұзушылықтарын депутаттық әдеп жөніндегі комиссия қарайды. Қарау нәтижелерін комиссия осы фракцияны білдіретін саяси кеңес бюросына жібереді.

58-3. Депутаттық бірлестіктердің ішкі қызметін олар дербес ұйымдастырады, бірақ ол осы Регламентке және мәслихат жұмысына қайшы келмеуге тиіс.»;

63 және 65 тармақтары келесідей редакцияда мазмұндалсын:

«63. Облыстық мәслихат депутаты облыстық мәслихаттың мәжіліс залында тәртіпті сақтауға, белгіленген жұмыс тәртібін сақтауға, мәслихат хатшысына және облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының төрағаларына және отырысқа қатысушылардың барлығына құрмет көрсетуге, облыстық мәслихат депутаттары арасында жанжал тудыруға не келіспеушіліктің туындауына ықпал ететін іс-әрекеттерден, өтініштер мен іс-әрекеттерден аулақ болуға тиіс.

65. Облыстық мәслихат депутаттарының облыстық мәслихат отырысын тоқтатуға ықпал ететін жеке және (немесе) ұжымдық іс-әрекеттеріне, мәслихат хатшысының сөз берместен сөз сөйлеуіне, күн тәртібі бойынша емес және күн тәртібі мәселесінің мәні бойынша емес сөз сөйлеуіне, айқайлауына, репликаларына, сөз сөйлеушілердің үзіліп қалуына және отырысты өткізу тәртібінің өзге де бұзылуына жол берілмейді.

Облыстық мәслихаттың отырысында талқыланатын қандай да бір мәселені шешуге қаржылық және (немесе) жеке мүдделілік болған жағдайда, облыстық мәслихаттың депутаты. Бұл туралы мәслихат хатшысына дереу хабарлауға және осы мәселені талқылаудан және шешім қабылдау кезінде кейіннен дауыс беруге қатысудан қалыс қалуға тиіс.».

2. Осы шешім қол қойылған күнінен, 46-6 және 46-7-тармақтары 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. НУГМАНОВ